

«Білім беру бағдарламасын тізілімге енгізу» Өтініші

№	Бөлімнің аты	Ескертпе
1	Тіркеу нөмірі	
2	Білім беру саласының коды және классификациясы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
3	Оқу салаларының коды және классификациясы	7R011 Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	R011 Денсаулық сақтау
5	Білім беру бағдарламасының атауы	Фтизиатрия ересектердің, балалардың
6	Білім беру бағдарламасының түрі	Мәндер (әдепкі – ешқандай мән таңдалмаған): а) Ағымдағы білім беру бағдарламасы; б) Жаңа білім беру бағдарламасы; в) Инновациялық білім беру бағдарламасы
7	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Қоғам сұранысына ие, әртүрлі патологиялық жағдайларды анықтауға, диагностикалауға, емдеуге және пациенттердің денсаулығын жақсартуға қабілетті жоғары білікті фтизиатрларды даярлау
8	Білім берудің халықаралық стандартталған классификация деңгейі	
9	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгейі	7
10	Салалық біліктілік шеңбері бойынша деңгейі	7
11	Білім беру бағдарламасының айрықша белгілері	а) Жоқ; б) Бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) с) Қосдипломды білім беру бағдарламасы (ҚДББ)
	Партнер-ЖОО (БББ)	Бұл өріс «Білім беру бағдарламасының айрықша белгілері» жолында «Бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ)» мәні таңдалған жағдайда көрсетілуі керек.
	Партнер-ЖОО (ҚДББ)	Бұл өріс «Білім беру бағдарламасының айрықша белгілері» жолында «Қос дипломдық білім беру бағдарламасы (ҚДББ)» мәні таңдалған жағдайда көрсетілуі керек.
12	Құзыреттіліктер тізімі	ҚҚ-1: Науқасқа күтім көрсету: клиникалық диагнозды қою; уақтылы ауруханаға жатқызуды қамтамасыз ету, тексеру жоспарын тағайындау, ересектер мен балалардағы туберкулезді емдеудің заманауи әдістерін ұтымды қолдану. ҚҚ-2: Қарым-қатынас және ынтымақтастық: медициналық этика және деонтология қағидаларын сақтау және оларды тәжірибеде қолдану; науқастарды туберкулезді емдеу және алдын алу бойынша ақпараттандыру және кеңес беру.
13	Оқыту нәтижелері	ҚҚ-3: Қауіпсіздік және сапа: микобактериялардың туберкулезге қарсы препараттарға сезімталдығын анықтай отырып, антибиотикалық терапияны ұтымды қолдану; инфекциялық бақылау талаптарын сақтау; жұмыс орнында персоналдың кәсіптік инфекциясының алдын алуын жүзеге асыру. ҚҚ-4: Қоғамдық денсаулық сақтау: Туберкулез бойынша Мемлекеттік бағдарламалар, нұсқаулық

		құжаттар, бұйрықтар бойынша білімдерін практикада қолдану. ҚҚ-5: Зерттеу: зерттеуді жобалап, оны тәжірибеде қолдана білу. Ғылыми деректер қорымен жұмыс істей білу және ақпаратты талдай білу ҚҚ-6: Оқыту және дамыту: өздігінен білім алу, конференцияларда, семинарларда және клиникалық шолуларда баяндама жасау.
14	Оқу формасы	Күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақша/орысша
16	Кредит көлемі	140
17	Академиялық дәреже	Ересектердің, балалардың фтизиатр-дәрігері
18	Кадрларды даярлау бағытына бойынша лицензияға қосымшаның болуы	
19	Білім беру бағдарламасының аккредитациясының болуы	Бар Жоқ
	Аккредитациялық ұйымның атауы	Тиісті аккредиттеу органының атауы көрсетілуі керек
	Аккредитацияның жарамдылығы	Аккредитацияның тиісті жарамдылық мерзімі көрсетілуі керек.
20	Пәндер туралы мәлімет	ЖООК/ТК ЖБП, БП, ПП пәндер туралы мәлімет (қосымша 2.2)

Пәндер туралы мәлімет

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын құзыреттіліктер (кодтар)
Профильді пәндер циклі				
Міндетті компонент				
1	Ауруханадағы фтизиатрия негіздері: фтизиопульмонология, өкпеден тыс туберкулез	Пән туберкулездің өкпеден тыс түрлерінің профилактикасы, диагностикасы, клиникасы, емдеу ерекшеліктерін, науқастармен және әріптестермен қарым-қатынас процесінің ерекшеліктерін, жеке гигиена алгоритмін және ауруханаішілік инфекцияның алдын алу қауіпсіздігін, емдеуді ұйымдастыру бойынша негізгі құқықтық актілерді, туберкулезбен ауыратын науқастарға стационарлық көмек көрсету, этикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу мақсатында пациенттер туралы мәліметтерді жинау және өңдеу әдістерін зерттейді	22	КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-5;

2	Ауруханадағы балалар фтизиатриясы: фтизиопульмонология, өкпеден тыс туберкулез	Пән балалардағы өкпеден тыс туберкулезді емдеу жоспарын құрудың ерекшеліктерін, дәрілік заттарды және олардың дозаларын анықтауды, балалармен қарым-қатынас процесін қалыптастыруды, балаларға дәрілік заттарды қолданудың ұтымдылығын, дәрігердің жеке гигиенасын қамтамасыз етуді зерттейді. және балалар гигиенасы, туберкулезбен ауыратын балаларға стационарлық көмек көрсетуді ұйымдастырудың негізгі нормативтік-құқықтық құжаттары, балалардың қатысуымен зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттейді.	20	КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-5;
3	Амбулаторлы-поликлиникалық фтизиатрия	Пән туберкулезбен ауыратын науқастарға амбулаториялық-емханалық көмекті ұйымдастыру ерекшеліктерін, туберкулезді диагностикалау, емдеу әдістерін, дәрілік заттардың жанама әсерлерін, науқасты қабылдау кезіндегі қауіпсіздік шараларын, амбулаториялық-емханалық көмек көрсету туралы ережелерді, туберкулездің алдын алу әдістерін, науқастарды оқыту әдістемесін, туберкулезге қарсы пациенттердің өзін-өзі күтуін зерттейді.	14	КК-1; КК-3; КК-4; КК-6.
4	Амбулаторлы-поликлиникалық балалар фтизиатриясы	Пән балалардың жағдайын бағалауды, балалардағы туберкулездің әртүрлі көріністерін диагностикалауды, туберкулезді анықтаудағы педиатрдың тактикасын, иммунологиялық, молекулалық-генетикалық және радиациялық зерттеу әдістерін, балаларды емдеу әдістерін, балаларды емдеуге арналған қауіпсіздік техникасын зерттейді. балаларды амбулаторлық қабылдау, педиатрдың коммуникативті дағдылары, ата-аналарды туберкулезбен ауыратын баланы күтуге үйретудің заманауи әдістерін қарастырады.	14	КК-1; КК-2; КК-3; КК-6.

5	Фтизиатрия	<p>Пән туберкулездің этиологиясын, патогенезін және патоморфозын, эпидемиологиясын, туберкулездің формаларын, туберкулездің әртүрлі аурулармен үйлесімін, туберкулез кезіндегі инфекциялық бақылауды, коммуникацияны, әлеуметтендіру және жұмылдыруды, оңалту және паллиативтік көмекті, туберкулез қызметінің құрылымын, туберкулез бойынша нормативтік құқықтық көмекті, фтизиатрия бойынша диспансерлік жұмысты, есеп беру нысандарын, фтизиатриялық науқастар мен мамандарды зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырады.</p>	56	<p>КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-5; КК-6.</p>
6	Пульмонология	<p>Пән этиологияны, патогенезді және патоморфозды, эпидемиологияны зерттейді. Тыныс алу ауруларын оның ішінде туберкулез ауруларын алдын алу, анықтау, диагностикалау, емдеу.</p> <p>Пульмонологтың коммуникативті дағдыларын, оңалту және паллиативтік көмекті, пульмонологиялық қызметті құрылымын, пульмонология бойынша заңдық актілерді, диспансерлік қызмет пен есеп беру нысандарын, пульмонологиялық науқастар мен мамандарды зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастырады.</p>	4	<p>КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-5; КК-6.</p>
7	Балалар пульмонологиясы	<p>Пән балалардағы өкпе ауруларының: туа біткен және жүре пайда болған патологиясының этиологиясын, патогенезін және патоморфозын, эпидемиологиясын және алдын алуды зерттейді. Әртүрлі жастағы балалардағы ауруларды анықтау, диагностикалау, емдеу әдістері мен</p>	4	<p>КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-5; КК-6.</p>

		<p>құралдарын, балаларды амбулаторлы қабылдау кезіндегі қауіпсіздік шараларын, педиатрдың коммуникативті дағдыларын, пульмонологиялық қызмет құрылымын, балалар пульмонологиясы бойынша заңдық актілерді, диспансерлік қызмет пен есеп беру нысандарын, ата-аналарды пульмонологиялық ауруы бар баланы күтуге үйретудің заманауи әдістерін, науқас балалар қатысуымен зерттеуді ұйымдастырудың ерекшеліктерін қамтиды.</p>		
Таңдау компоненті				
1	Өкпе инфильтраттарының дифференциалды диагностикасы	<p>Пән өкпе инфильтраттарын анықтау, диагностикалау әдістерін зерттейді. Пән өкпе ауруларының этиологиясын, патогенезін және патоморфозын, эпидемиологиясын, әртүрлі жастағы балалардағы ауруларды анықтау, диагностикалау, емдеу әдістерін, науқастарды басқарудағы қауіпсіздік техникасын, фтизиатрдың коммуникативті дағдыларын, өкпе инфильтратын анықтау бойынша заңдық актілерді, диспансерлік қызмет пен есеп беру нысандарын, осы патологиясы бар науқасқа көмек көрсетуді оқытудың заманауи әдістерін, өкпе инфильтраттары бар науқастарды зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін қамтиды.</p>	4	КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-6..
2	Инфекциялық бақылау	<p>Пән ауруханалық және амбулаторлық тәжірибеде инфекциялық бақылау талаптарын енгізу әдістері мен жолдарын зерттейді. эпидемиологиялық шаралар кезіндегі қауіпсіздік шараларын, мамандандырылған инфекциялық бақылау мамандарымен және пациенттермен және олардың туыстарымен</p>	4	КК-1; КК-2; КК-3; КК-4; КК-6.

		қарым-қатынас дағдыларын, инфекциялық бақылау бойынша заңдық актілерді, есеп беру нысандарын, осы патологиясы бар науқастарды инфекциялық бақылау талаптарын сақтай отырып оқытудың заманауи әдістерін, инфекциялық бақылау шараларын зерттеуді ұйымдастырудың ерекшеліктерін қарастырады.		
3	Фтизиопульмонологиядағы ғылыми негізделген, дәлелді тәжірибе	Пән туберкулезді диагностикалау және емдеу бойынша дәлелді деректерді іздеу негіздерін, медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің заманауи технологияларын, ғылыми зерттеулерді жобалаудың түрлерін, дәлелді медицинаның бес негізгі кезеңін, ғылыми мәліметтерді ұсыну әдістерін зерттейді.	4	КК-1; КК-3; КК-5.
	Қорытынды емтихан		2	
	Барлығы		140	